

ПРАКТИКАЛЫҚ ТУРДЫҢ ЖАУАПТАРЫ 9 СЫНЫП

1 - Тапсырма. Мәтіндегі бос орындарды толтырыңыз.

И.Ф. Крузенштерн басшылығымен «Надежда» кемесінде Ф.Ф.Беллингсгаузен Ресейдің дүние жүзін бірінші айналып өтуіне қатысты. 1820 жылы оның қолбасшылығында ол бірінші болып Антарктида жағалауына жетті.

В.Беринг 1-ші Камчатка экспедициясының басшысы болды, оның міндеті Азия мен Американың арасындағы құрлық арқылы өтетін жол іздеу болды. Ф.Магелланнан кейін еуропалықтардың екінші дүниежүзілік саяхатын Ф.Дрейк басқарды.

Теңіз саяхатшысы Д.Куктың дүние жүзі бойынша үшінші экспедициясының мақсаты Атлант және Тынық мұхиттарын байланыстыратын Солтүстік-Батыс өткелін табу болды. Өткел ешқашан табылмады, бірақ Гавай аралдары мен Аляска жағалауының бір бөлігі табылды. Жаңа Зеландиядағы ең биік тау да оның есімімен аталды.

Бағалау критерийлері: Әр дұрыс жауапқа 1 ұпайдан. **Барлығы 11 ұпай!**

2 - Тапсырма. Кестеде дүние жүзіндегі су электр станцияларының (СЭС) атаулары берілген. Олардың орналасқан мемлекеттері мен өзендерін табыңыздар.

СЭС	Өзен	Мемлекет
Гранд-Кули	Колумбия	АҚШ
Үш шаьқал (Три ущелья)	Янцзы	Қытай
Черчилл (Водопад Черчилля)	Черчилль	Канада
Робер-Бурасса	Ля-Гранд	Канада
Чарвак	Чирик	Өзбекстан

Бағалау критерийлері: Әр дұрыс жауапқа 1 ұпайдан. **Барлығы 10 ұпай!**

3 - Тапсырма. “М” әрпімен ерлер көп елдерді және “F” әрпімен әйелдер көп елдерді белгілеңіз. Қызықты факт – кейбір мәліметтер бойынша, әлемде әрбір 100 қыз балаға 106 ұл баладан туылады екен. Осы логикаға сәйкес, жыл сайын ерлер мен әйелдер арасындағы айырмашылық 10000000 адамға артуы керек. Дегенмен, әртүрлі басқа да факторларға байланысты, әлемнің көптеген елдерінде ерлерге қарағанда әйелдер көп.

1. Беларусь **F**
2. Пәкістан **M**
3. Қытай **M**
4. Ұлыбритания **F**
5. Норвегия **M**
6. Үндістан **M**

Бағалау критерийлері: Әр дұрыс жауапқа 2 ұпайдан. **Барлығы 12 ұпай!**

4 - Тапсырма. «Менделеев кестесі».

Төмендегі кестеде Менделеев кестесінің элементтерінің біреуінің немесе элемент алынатын кеннің қоры көлемі бойынша көшбасшы болып табылатын 3 мемлекет жасырылған. Барлық 3 мемлекетті, сондай-ақ 3 элементті анықтаңыз. Мемлекеттер және элементтер қайталанылмайды. Сіздердің жауаптарыңызға көмектесу үшін, кестедегі мемлекеттердің өздері сияқты ретпен орналасқан жасырынған мемлекеттердің әрқайсысы туралы фактілер берілген.

Кестені толтырыңыз:

№	Мемлекет	Элемент	Орын	Элементтің/оның қосылыстарының қолданылуы
1	Аустралия	Уран	1	Энергетика және жаппай қырып-жою қаруы
2	Индонезия	Қалайы	2	Электроникаға арналған дәнекерлеуіштер, сонымен қатар бұл элемент азық-түлік контейнерлерін жасау үшін темірмен қапталған
3	Конго	Кобальт	1	Қорытпаларға қосымша, магниттік қасиеттері, әуе / ғарыш саласы

1. Бұл елдің елтаңбасында екі эндемик бейнеленген.
2. Бұл ел пальма майын өндіруден де көш бастап тұр.
3. Бұл елде ішінара «мыс белдеуі бар».

Бағалау критерийлері: Әр дұрыс жауапқа 2 ұпайдан. **Барлығы 12 ұпай!**

БАРЛЫҒЫ 45 ҰПАЙ!